

## Алматы облысы Алатау қаласының шекарасын (шегін) белгілеу туралы

Алматы облыстық мәслихатының 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 26-135 бірлескен шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2024 жылғы 25 қыркүйектегі № 299 қаулысы. Алматы облысы Әділет департаментінде 2024 жылғы 26 қыркүйектегі № 6170-05 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 108-бабының 3-тармағына, "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес және Алатау қаласы мәслихатының және Алатау қаласы әкімдігінің бірлескен ұсынысы негізінде, Алматы облыстық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ және Алматы облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихаты шешімінің және Алматы облысының әкімдігі қаулысының қосымшасына сәйкес Алатау қаласының шекарасы (шегі), оның шегіне жалпы ауданы 88000 гектар Қонаев қаласының, Іле және Талғар аудандарының кейбір жерлерін қоса отырып, белгіленсін.

2. "Алматы облысы Алатау қаласының шекарасын (шегін) белгілеу туралы" бірлескен Алматы облыстық мәслихатының 2024 жылғы 9 тамыздағы №25-123 шешімі және Алматы облысы әкімдігінің 2024 жылғы 9 тамыздағы №253 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №199727 тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихаты шешімінің және Алматы облысының әкімдігі қаулысының орындалуын бақылау Алматы облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бірлескен Алматы облыстық мәслихатының шешімі және Алматы облысы әкімдігінің қаулысы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Алматы облысының әкімі

М. Султангазиев


К. Байгоджаев

Бірлескен Алматы облыстық  
мәслихатының 2024 жылғы 25  
қыркүйектегі № 26-135 шешімі мен  
Алматы облысының әкімдігі 2024  
жылғы 25 қыркүйектегі № 299  
қаулысына қосымша

## Алматы облысы Алатау қаласының шекарасына енгізілетін жерлердің экспликациясы

оның ішінде:			
		өнеркәсіп, көлік,	

№	Аудандар мен қалалардың атауы	Жалпы жер ауданы (гектар)	елді мекендердің (қалалардың, кенттердің және ауылдық округтердің) жерлері (гектар)	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер (гектар)	байланыс, ғарыш қызметінің, қорғаныстың, ұлттық қауіпсіздіктің мұқтаждары үшін және өзге де ауыл шаруашылық емес мақсаттағы жерлер (гектар)	рекше қорғалатын табиғи аумақтар, сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер (гектар)	орман қоры-ның жерлері (гектар)	су қоры-ның жерлері (гектар)	босалқы жерлер (гектар)
1	Қонаев қаласы	10962	810,7899	2865,1064	2924,2898	50,0251	445,185	2303,145	1563,454
2	Іле ауданы	64985	2990,8968	45152,9732	8852,1196	-	37,9	3994,031	3957,08
3	Талғар ауданы	12053	145,9942	8305,8326	223,2452	-	-	315,141	3062,79
4	Барлығы	88000	3947,6809	56323,9122	11999,6546	50,0251	483,085	6612,317	8583,324



© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК